



**Автор:**

**Пән:** Қазақ тілі мен әдебиеті

**Сынып:** 9-сынып

**Бөлім:** Алаш идеясы мен қайраткерлері

**Тақырып:** Алаш идеясы мен қайраткерлері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Оқушылардың барлығы істей алады:мәтіннің мазмұнын түсінеді Оқушылардың көбі істей алады: мәтіннің мазмұнын түсінеді, бір-бірімен салыстырады Кейбір оқушылар істей алады: мәтіннің мазмұнын түсінеді, бір-бірімен салыстырып талдау жасайды
Сабақтың мақсаты:	9.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау; 9.5.2.1 жазба жұмыстарында (мезгіл бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру
Тілдік мақсаттар:	Лексикалық минимум:Шала, дөңбекшу, толқысу, айдарлану, кіреуке, түрегелу Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер: менің ойымша, меніңше, қорытындылай келе,
Бағалау критерийлері:	• Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау • Мәтіннің мазмұнын түсінеді • Сұраққа жауап береді • Өз мәтіні бойынша сұраулық шылауларды қолдана отыра сұрақ құрастырады
Құндылықтарды дарыту:	Құндылықтар Оқушылар өткен тарихты білу,ұлы тұлғаларды дәріптеу.
Пәнаралық байланыс:	тарих
Бастапқы білім:	Тарихи тұлғалар тағылымы

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	Қызығушылықты ояту кезеңі. Бұл екі адамның арасында қандай байланыс бар деп ойлайсыңдар? «Суреттер сөйлейді». Суреттердегі мағынаны ашу. Сабақтың тақырыбы, оқыту мақсаты, бағалау критерийлері хабарланады. Оқу мақсаттарымен танысады.	
Сабақтың ортасы (20 мин)	Сабақтың ортасы 5 мин 7 мин 5 мин дайындық 12 мин (әр жұп3 мин сөйлейді) 1+1 мин 2 мин дайындық Айтылым алды тапсырма.Сөздердің мағынасын анықтаңыз. Шала – Дөңбекшу – Толқысу – Айдарлану – Кіреуке – Түрегелу – Оқылым тапсырмасы. тапсырма. 1. Берілген мәтінмен танысып, тақырыпты талқылаңыздар 2. Негізгі идеясын анықтаңыздар; Мәтінді түсініп оқыңыздар. Жалпықазақ съезі 1917 жылы 5 желтоқсанда Орынбор қаласында ашылды. Съезге барлық қазақ облыстарынан және Алтай, Самарқан облыстарында тұратын қазақтар барлығы 82 өкіл қатысты. Съезде бүкіл қазақ жерін, оның халқын біртұтас мемлекет ту астына жинауға бағытталған батыл қадам жасалды. Съездің қаулысында Уақытша Ұлттық кеңес құрылсын. Оның аты «Алашорда» болсын, уақытша тұратын жері – Семей қаласы болады деп көрсетеді. Алашорда бүгіннен бастап қазақ халқының билігін қолына алады. Алашорданың төрағасы етіп Әлихан Бөкейхановты, орынбасары Халел Ғаббасовты сайлады. Түркістан автономиясына қарасты облыстар – Талдықорған, Тараз, Шымкент, Қызылорда. Құрылған уақыты – 1917 ж 22-қараша Бүкілтүркістандық төтенше съзінде (Қоқан қаласындаОқушылар туған айларына байланысты жұпқа бөлінеді. Жұпта берілген кестені толтырады. А мәтіні Ұқсастығы Ә мәтіні Мәтін не туралы? Ұқсастықтары неде? Мәтін не туралы? Мәтіннің стильдік ерекшелігі неде? Мәтіннің стильдік ерекшелігі неде? Тілдік ерекшеліктері қандай? Тілдік ерекшеліктері қандай?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (10 мин)	<p>Дескрипторлары: 1. Өз пікірін білдіреді, оны дәлелдейді; 2. Жазылым жұмысында грамматикалық қателер жібермейді; 3. Тыныс белгілерін орынды қолданады. -тапсырмадан кейін, оқушылар өз жұмыстарын аяқтап біткеннен кейін дескрипторларға сәйкес өздерін бағалау жұмысын жүргізеді, кейін мәтіндерін көршілерімен алмастырады. Жеке жұмыс Алаш орда жастар тәрбиесіне әсері қандай ? 1. Келісесіз бе? 2. Мына мәселе туралы сіз не ойлайсыз? 3. Ең маңыздысы не ? ЖЖ Сұрақтарға жауап бергеннен соң, оқушылар өз бетерінше және қарсымын аргументтерін тізіп жазады. Аргументтер Келісемін Келіспеймін «f» бағалау. «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалау. Дескрипторлар. • Сұраққа жауап береді • Өз мәтіні бойынша сұраулық шылауларды қолдана отыра сұрақ құрастырады</p>	
Рефлексия (5 мин)	<p>Рефлексия. Оқушылар стикерге сабаққа кері байланыс жазады. □ Бүгін сабақта не білдім? □ Не қиын болды? □ Бүгінгі алған білімімді қайда пайдалана аламын? □ Жұпта, топта кіммен жұмыс істеу қызықты болды? Неге? □ Өзім үшін қандай құнды мәлімет алдым? Үй жұмысы: Жаңа сөздерді жаттау</p>	